

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 22 ақпандағы № 188 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 29 мамырдағы № 490. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001.12.24 № 1685 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Аз қамтылған азаматтарға жергілікті (аймақтық) деңгейде арнайы әлеуметтік көмек ұйымдастырудың тәртібі туралы үлгі ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 22 ақпандағы N 188 P950188 _ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 7, 77-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

2-тармақтағы "Жергілікті әкімдерге" деген сөздер "Облыстардың, қалалардың, аудандардың, поселкелердің, ауылдардың (селолардың) әкімдеріне" деген сөздермен ауыстырылсын;

Көрсетілген қаулымен бекітілген Аз қамтылған азаматтарға жергілікті (аймақтық) деңгейде арнайы әлеуметтік көмек ұйымдастырудың тәртібі туралы үлгі ережеге мынадай өзгерістер енгізілсін:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Аймақтық деңгейде әлеуметтік көмек ұйымдастыру үшін облыстардың, қалалардың, аудандардың, поселкелердің, ауылдардың (селолардың) әкімдерінің жанынан олардың құрамына Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Жылжымайтын мүлік пен заңды тұлғаларды тіркеу жөніндегі агенттігіне ведомстволық бағыныстағы ұйымдардан мүлікті бағалау жөніндегі мамандарды кіргізу арқылы жергілікті өкілді және атқарушы органдардың өкілдерінен арнаулы комиссия құрылады";

4-тармақтағы "Облыстардың және Алматы қаласының комиссиялары" деген сөздер "Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың комиссиялары" деген сөздермен ауыстырылсын;

"оны" деген сөз "оларды" деген сөзбен ауыстырылсын;

5-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Соңғысы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес есептеледі.";

6-тармақтың екінші абзацындағы "мен кәсіптік-техникалық училищелерде" деген сөздер "кәсіптік-техникалық мектептер мен колледждерде" деген сөздермен ауыстырылсын;

7-тармақтағы "тиісті әкімдердің ұсынысы бойынша облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының мәслихаттары - депутаттар жиналыстары" деген сөздер "облыстардың республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдері" деген сөздермен ауыстырылсын;

8-тармақтың қазақ тіліндегі мәтіні өзгертілмесін;

9-тармақтағы "жергілікті әкімшіліктің" деген сөздер "жергілікті атқарушы органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

11-тармақтың төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"тұрғын үй ұстауға, коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге арналған жәрдемақыларға қосымша төлемдер";

14-тармақтағы "облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері" деген сөздер "облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдері" деген сөздермен ауыстырылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі